



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201 жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201_ года

№ _____

№ исх: ДС-165 от: 15.06.2017

2017 жылғы 14 маусымда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә.Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 27-бабының ережелеріне сәйкес Сізге депутаттық сауал жолдаймын.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдаманың міндеттерін белсенді түрде жүзеге асыруға, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасын - «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын іске асыру процесіне, Халықаралық «ЕХРО-2017» көрмесін өткізуге кірісіпкетті.

Осыған байланысты энергияны және суды үнемдейтін жаңа технологияларды кең тарату, Қазақстанға бейімделген «жасыл практиканы» барлық жерде енгізу мәселелері ерекше маңыздылыққа ие болуда, практика көрсетіп отырғандай, бұл қаражатты айтарлықтай үнемдеуге жеткізеді.

Көптеген қазақстандық компаниялар бұл технологиялардың артықшылығын бағалап, өз өндірістерін жаңғыртуға кірісті, ал бюджеттік сала туралы мұны айта алмаймыз.

Жекелеген бюджеттік ұйымдар инновацияларды табысты енгізіп, осы ретте бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдегеніне қарамастан, тиісті мемлекеттік органдар бұған мүдделілік білдірмей отыр.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облысында 2013 жылдан бастап жиырмаға жуық білім беру объектісі пиролиздік пештер орнатты, жылу беру кезеңінде олардың әрқайсысы орта есеппен 5 млн. теңгеге дейін үнемдейді. Қызылорда облысында тамшылатып суару табысты енгізілуде, Солтүстік Қазақстан облысында да пиролиздік пештердің артықшылығы тиісінше бағаланды.

Ақмола облысы бойынша дәлелді бір мысал келтірейін: 150 оқушы оқитын Вячеслав орта мектебі базасында (Аршалы ауданы, Арнасай ауылы) су ысыту үшін күн коллекторларын пайдалануды, жарық-диодтышамдарды, жылу беру үшін пиролиздік пештерді, өздерінің жылыжайларында өсімдіктерді суару үшін тамшылатып суаруды қолдана отырып, әртүрлі жобалар жүзеге асырылған.

Мектепте инновацияны енгізу бойынша жоспарлы және жүйелі жұмыс жүргізу нәтижесінде Арнасай аулының балалары ата-аналарын да күнделікті өмірде жаңа технологияларды пайдалануға тартуда, тілек білдіргендердің барлығы үшін ересектермен бірге семинарлар мен тренингтер жүргізеді.

Бұл ретте мектеп бойынша бюджет қаражатын үнемдеу жыл сайын 10 миллион теңге шамасында болады, оның ішінде: пиролиздік пештерді пайдалану - 932 мың теңге, су ысыту үшін күн коллекторларын пайдалану - 124 мың теңгеге дейін, жарық-диодтышамдарды қолдану - 814 мың теңге, өздерінің жылыжайларында өсімдіктерді суару үшін тамшылатып суаруды қолдану 600 мың теңгеге жуық қаражат үнемдеуге мүмкіндік берді.

Алайда, жаңа технологияларды пайдаланудан болатын ерекше экономикалық тиімділікке қарамай, еліміз бойынша бюджеттік салада мекеме басшыларының бюджет қаражатын үнемдеге ынталары жоқ болғандықтан, барлық жерде бірдей оны енгізу мүмкін болмай отыр. Әрине, олар үнемделген қаражатты мекемені дамытуға жұмсай алады, бірақ келесі жылы олардың бюджетінен дәл осы сома қысқартылады.

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы, осы айтылғандардың негізінде, инновациялық «жасыл практиканы» белсенді түрде енгізу мақсатымен, Сізден Ұлттық экономика, Қаржы, Энергетика, Білім және ғылым министрліктеріне осы мәселені зерделеп, бюджеттік сала мекемелерін ынталандыруға қатысты тиісті нақты ұсыныс енгізу жөнінде тапсырма беруіңізді сұраймын.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңның 27-бабы 4-тармағының ережелеріне сәйкес жауап қайтаруыңызды сұраймын.

**Құрметпен,
«Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшесі**

Майра Айсина

Оглашен 14 июня 2017 года

**Премьер-Министру
Республики Казахстан
Сагинтаеву Б.А.**

Депутатский запрос

Уважаемый Бакытжан Абдирович!

В соответствии с положениями статьи 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» обращаюсь к Вам с депутатским запросом.

В настоящее время Республика Казахстан вступила в процесс активной реализации задач Концепции по переходу к «зеленой экономике», осуществления инициативы Президента РК Н.А.Назарбаева - Программы партнерства «Зеленый мост», к проведению Международной выставки «EXPO-2017».

В этой связи особую важность приобретают вопросы популяризации новых энерго- и водосберегающих технологий, внедрения повсеместно адаптированных в Казахстане «зеленых практик», что приводит, как показывает практика, к значительной экономии средств.

Многие казахстанские компании уже оценили их преимущество и приступили к модернизации своих производств, чего не скажешь о бюджетной сфере.

Несмотря на то, что отдельные бюджетные организации успешно внедряют у себя инновации, существенно экономят при этом бюджетные средства, соответствующие государственные органы не проявляют к этому заинтересованного отношения.

Так, например, в Восточно-Казахстанской области с 2013 года около двух десятков объектов образования установили пиролизные печи и в среднем за отопительный сезон каждый из них экономит до 5 млн. тенге. В Кызылординской области успешно внедряется капельное орошение, в Северо-Казахстанской области также оценили преимущества пиролизных печей.

Один убедительный пример по Акмолинской области: на базе Вячеславской средней школы (Аршалынский район, с.Арнасай), где обучаются 150 учеников, осуществлены различные проекты с использованием солнечных коллекторов для нагрева воды, светодиодного

освещения, пиролизной печи для отопления, капельного орошения для полива растений в собственных теплицах.

В результате планомерной и системной работы по внедрению инноваций в школе дети села Арнасай активно привлекают и своих родителей к использованию новейших технологий в повседневной жизни, вместе со взрослыми проводят семинары и тренинги для всех желающих. При этом, экономия бюджетных средств по школе ежегодно составляет около 10 миллионов тенге, в том числе: использование пиролизных печей позволяет сэкономить 932 тыс. тенге, солнечных коллекторов для нагрева воды до 124 тыс. тенге, светодиодного освещения – 814 тыс. тенге, собственных теплиц с капельным орошением около 600 тыс. тенге.

Однако, несмотря на отличный экономический эффект от использования новых технологий, внедрить их повсеместно по стране в бюджетной сфере не удастся в силу отсутствия мотивации у руководителей учреждений экономить бюджетные средства. Конечно, сэкономленные средства они могут направить на развитие учреждения, но на следующий год им ровно на эту сумму сокращается бюджет.

На основании изложенного, прошу Вас, **уважаемый Бакытжан Абдирович**, дать поручение министерствам национальной экономики, финансов, энергетики, образования и науки изучить данный вопрос и внести соответствующие конкретные предложения в части стимулирования учреждений бюджетной сферы в целях активного внедрения инновационных «зеленых практик».

Просим представить ответ в соответствии с пунктом 4 статьи 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

С уважением,
член Фракции партии «НурОтан»

Майра Айсина